

РЕСМИ ХАТ

Белгілі бір мекеме немесе ұйымның атқаратын жұмыстарына байланысты мәселелердің жазбаша хабарлануы.

1-үлгі

Алматы облыстық мәдениет департаменті

Талдықорған қаласы,
Тәуелсіздік көшесі 7 үй
Тел.2-45-59-72
Факс.2-45-74-12

Алматы облысы мектептеріне

РЕСМИ ХАТ

Ағымдағы жылдың мамыр мерекелеріне байланысты Алматы облысы мектептерінде салтанатты жиындар мен кештер ұйымдастырылады. Облыстың барлық мектептері ат салысып қатысуға міндетті.

Осыған орай, мектепаралық мерекелі сайыстар мен ойындар өткізілсін. Аса белсенді қатысушылар туралы толық ақпарат Алматы облысының мәдениет департаментіне жіберілсін.

Департамент директоры: (қолы)

А.Текежанов

Үржар ауданының төтенше жағдайлар бойынша департаменті

Үржар ауылы,
Бейбітшілік көшесі 24 үй
Тел.2-45-47-62
Факс.2-45-65-12

Үржар ауданының мектептері мен балабақшаларға

РЕСМИ ХАТ

Ағымдағы жылдың келер апталарында ауарайының күрт суутуына байланысты ауданымызда мектептен балабақшаларының басшылары алдын ала іс-шаралар мен ескетулер жүргізуге міндетті. .

Осыған орай балабақша мен мектеп оқушыларының ата-аналары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Атқарылған жұмыстар мен іс-шаралар туралы ақпаратты Үржар ауданының төтенше жағдайлар бойынша департаментіне жіберілсін.

Департамент директоры: (қолы)

Д.Темірәлиев